

25 ЖЫЛ ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК

Батыс Қазақстан облысында Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара қызметі БҚО бойынша департаментінің құрылғанына 25 жыл толуына арналған салтанатты іс-шара өтті. Бұл мерейтой – елдің батыс қақпасын күзетіп келе жатқан шекарашылардың ерлігі мен еңбегіне деген зор құрметтің белгісі болды.

2000 жылдың 10 қазанында «Орал» шекара отрядының базасында құрылған 2029 әскери бөлімі тәуелсіздікпен бірге қалыптасып, бүгінге дейін еліміздің батыс шекарасының сенімді қалқанына айналды. 2001 жылы алғашқы «Погодаево» шекара заставасы ашылып, кейін жаңа комендатуралар мен бөлімшелер құрылды.

Қазіргі таңда департамент құрамында алты шекаралық бөлімшелер жұмыс істейді, олардың үшеуі халықаралық мәртебеге ие. Ширек ғасыр ішінде бөлімшелер материалдық-техникалық тұрғыдан нығайып, заманауи бақылау жүйелерімен жабдықталды. Бұл – ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды нүктелер.

Мерейтойлық жиында ерекше сәттер көп болды. Іс-шара барысында қызметінде үздік шыққан әскери қызметшілер мен шекара қызметі ардагерлері марапатталып, оларға алғыс хаттар мен ведомстволық наградалар табыс етілді. Шекарашылардың ерлігі мен абыройлы еңбегі көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Салтанатты жиынды мерекелік концерттік бағдарлама толықтырды – әскери оркестр мен өнерпаздардың орындауындағы патриоттық әндер көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, келген қонақтар мен қала тұрғындары үшін әскери техника мен қару-жарақ көрмесі ұйымдастырылды. Көрме барысында келушілер шекарашылардың күнделікті қызметінде пайдаланылатын



заманауи құрал-жабдықтармен танысты.

Мереке соңында барша қатысушыларға нағыз сарбаз ботқасы ұсынылып, жылы достық атмосфера орнады. Ал

шекарашылар мен қонақтар бірлесе отырып, 25 жылдық мерейтой құрметіне 25 жеміс ағашынан тұратын аллея отырғызды. Бұл ұрпақтар сабақтастығы мен бейбіт өмірдің

символына айналды.

БҚО бойынша департаментінің 25 жылдық тарихы – бұл адалдық пен ерліктің, елге деген сүйіспеншіліктің шежіресі. Шекарашылардың

абыройлы еңбегі – тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігі мен бейбіт өмірінің сенімді кепілі.

Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ,
«OS-ЧР». Суреттер
департаменттен.



«БАСҚАН» -
АБЫРОЙ МЕН
АДАЛДЫҚ
НЫШАНЫ

2



ХАЛІҢ ҚАЛАЙ, ЖАС
САРБАЗ?

5

ЕГЕМЕНДІКТІҢ
БАСТАУЫ

7



«БАСҚАН» – АБЫРОЙ МЕН АДАЛДЫҚ НЫШАНЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Басқан» шекара бөлімшесі - ел тәуелсіздігінің шығыс қақпасының қырағы күзетіндегі шекарашылар ұжымы. Іргетасы қаланғанына алпыс жылға таяған бөлімше көрші елмен шектесетін бірнеше шақырымдық мемлекеттік шекара сызығын күзетеді. Тополовка елді мекеніне жақын орналасқан бөлімше бүгінде ел тыныштығы мен шекара тұтастығын күзетудегі жауапты міндетті абыроймен атқарып келеді.

Тополовка ауылы - қонақжай, мал шаруашылығы мен туризм саласы жақсы дамыған өңір. Елбасының «Рухани жаңғыру - болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында өңірде рухани және мәдени құндылықтарды сақтау бағытында елеулі жұмыстар атқарылуда. Осындай шаралар әр азаматтың бойында туған жерге, елге деген сүйіспеншілік сезімін оятуға жол ашады.

Бүгінде «Басқан» шекара бөлімшесін аға лейтенант Жаннұр Құлжабаев басқарады. Ол 2000 жылы Абай облысы, Аягөз ауданы, Тарбағатай ауылында дүниеге келген. 2022

жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдаған. Академия қабырғасында жүргенде жеңіл атлетика мен қазақша күрестен бірнеше рет жүлделі орын алған жас офицер өз мамандығына шын берілген. Бұған дейін Панфилов ауданы бойынша «Қарақұм» және «Қорғас» шекара бөлімшелерінде қызмет етіп, шекара режимін бұзған азаматтарды ұстауда табандылық танытқан.

Оның сенімді серігі әрі орынбасары аға лейтенант Ақберді Үмбетияров. Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген ол да жас болса да, қызметіне адал, ел қауіпсіздігін күзетуге бар күшін салып жүрген офицер. Мектеп кезінен спортқа бейім болып, футболдан аудандық және облыстық жарыстардың жүлдегері атанған.

Бөлімшенің тірегі саналатын старшинасы – аға сержант Руслан Жалқыбаев. Ол 2005 жылдан бері түрлі бөлімшелерде аға техник болып еңбек еткен тәжірибелі шекара сақшысы. Сондай-ақ, мобильдік топ бастығы аға сержант Дәурен Құраманғалиев те өз кәсібінің үздігі. 2023 жылы «Шекара бөлімшесінің үздік жүргізушісі» номинациясымен марапатталған.

«Басқан» шекара бөлімшесінің жеке құрамы тек қызметтік міндетін атқарумен шектелмей,



ауыл өміріне де белсене араласады. Екіаша ауылдық округінің әкімі Дәулет Дүйсенбековпен бірлесіп, жергілікті тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізіп, шекара қауіпсіздігі мен шекаралық аймақ ережелері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Кездесулердің тақырыптары – «ҚР Мемлекеттік шекарасы туралы Заңының талаптары», «Шекаралық аймақта шекара режимінің сақталуы», «Мемлекеттік шекараны қорғауға

азаматтарды тарту қағидалары» секілді маңызды бағыттарды қамтиды.

Бөлімше ұжымы ауылдағы қоғамдық және мәдени шаралардың бел ортасында жүреді. Аз қамтылған отбасыларға материалдық қолдау білдіру - олардың игі дәстүріне айналған. Сонымен қатар, мектеп оқушыларына оқу жылы басында киім-кешек пен кеңсе тауарларымен көмек көрсетуі - олардың адамгершілік пен патриотизмнің

нақты көрінісі.

«Басқан» шекара бөлімшесінің тарихында батыллықтың да мысалдары жетерлік. 2006 жылғы маусым айында шекара нарядының «Барлау-іздістіру тобы» Кіші Басқан сайында көрші елдің төрт азаматын шекарадан заңсыз өтіп, емдік шөп тамырларын қазып жүрген жерінен ұстаған. Бұл оқиға шекарашылардың қырағылығы мен кәсіби дайындықтарының айғағы болып қалды.

Осындай еңбегімен, адалдығымен, туған жерге деген сүйіспеншілігімен ерекшеленетін «Басқан» шекара бөлімшесі - ел қауіпсіздігінің тірегі. Бөлімше - шекара шебінде тұрған батыл жүректі шекарашылардың ордасы. Олардың Отан алдындағы парызы мен адал қызметінің үлгісі.

Шекара шебінде күн-түн демей қызмет атқарып жүрген «Басқан» шекара бөлімшесінің ұжымы - патриотизмнің үлгісі. Олар ел тыныштығын күзету арқылы мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен тұтастығын күзетіп, болашақ ұрпаққа бейбіт өмір сыйлауда!



ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник **М. ҚАРЕКЕНОВ**, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

СЕНІМ МЕН ҚЫРАҒЫЛЫҚ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Қордай ауданы бойынша шекара басқармасы «Бетқайнар» шекара бөлімшесінің аумағы жазық болғанымен, өте күрделі бағыттардың бірі саналады. Географиялық жағынан ашық кеңістік, шекара сызығы ұзаққа созылып, табиғи тосқауылдар аз болғандықтан, бұл аймақтан заңсыз өтпек болғандар жиі байқалып жатады. Сол себепті бөлімшенің қызметі – әрі жауапты, әрі тәуекелге толы міндет.

«Бетқайнар» шекара бөлімшесі бүгінде заманауи техникалық құралдармен толық жабдықталған. Мұнда бейнебақылау камералары тәулік бойы жұмыс істеп, әрбір метр бақылауға алынған. Радиобайланыс жүйесі, жарықтандырылған күзет сызығы, қозғалыс датчиктері мен бақылау мұнаралары үздіксіз жұмыс істейді. Түнгі көру құрылғылары мен заманауи тепловизорлар сарбаздардың көмекші көзіне айналған. Осындай техникалық артықшылықтармен қатар, ең бастысы – адам факторы. Себебі шекараның берік қалқаны – сарбаздың жүрегіндегі Отанға деген адалдық.

Бөлімше бастығы аға лейтенант Диас Ерғалиұлы Досканаев қызметті үлкен жауапкершілікпен атқарып келеді. Ол өз қарамағындағы жеке құрамға үлгі боларлық офицер. Диас Ерғалиұлы басшылыққа келгеннен кейін бөлімшеде тәртіп күшейіп, қызмет тиімділігі артты. Ол әрбір сарбаздың ішкі дайындығына, психологиялық тұрақтылығына және рухани ынтасына баса назар аударады. Оның айтуынша, шекара күзетінде тек ереже мен бұйрық емес, жүректегі намыс пен рух қана сарбазды алға жетелейді. Сондықтан бөлімшеде тәрбие жұмысы ерекше орын алады. Жас сарбаздарға патриоттық дәрістер өткізіліп, шекара тарихы мен Отан алдындағы борыш туралы тәрбие сағаттары жиі ұйымдастырылады.

«Бетқайнар» шекара бөлімшесінің аумағында шекара бұзушылық қаупі жоғары. Әсіресе, контрабандалық әре-

кеттер мен мал ұрлығының алдын алу бағытында бөлімше әскери қызметшілері үздіксіз бақылау жүргізеді. Заңсыз жүк пен тауарды өткізуге тырысатындар көбінесе түн қараңғысын пайдалануға ұмтылады, бірақ қазіргі техника мен сарбаздардың қырағылығы оларға мүмкіндік бермейді. Бірнеше рет бейнебақылау арқылы дер кезінде анықталған заңсыз әрекеттердің жолы кесілген. Бұл – бөлімшенің дайындық деңгейінің, ұйымдасқан іс-әрекетінің және командирдің талапшылдығының айқын дәлелі.

Мұнда қызмет ету оңай емес. Ашық далада жел мен ыстық, суық пен жаңбыр сарбаздың серігі. Бірақ олар ешқашан мойымайды. Әрбір күннің басталуы саптан басталып, тапсырма алумен жалғасады. Нарядқа шығатын сарбаз байланыс құралдары және бейнеқұралдарын тексеріп, өз бағытына бет алады. Кейде шекара бағыты ондаған шақырымға созылып, сарбаздар бірнеше сағат бойы қозғалыста болады. Бұл – олардың шыдамын, төзімділігін және кәсіби шеберлігін сынға салатын сәттер.

Диас Ерғалиұлы әрдайым сарбаздарға: «Шекара — сенім мен намыстың сызығы. Біздің міндет — сол сенімді сақтап, сол намысты қорғау» — деп жиі айтады. Осы сөз бөлімшенің ұранына айналғандай. Бүгінгі таңда «Бетқайнар» шекара бөлімшесінің әскери ұжымы бір үйдің мүшесіндей ұйымшыл. Әскери қызметшілердің кәсіби дайындығы жоғары, жаңа технологияны меңгеруге бейім. Олар үшін шекараны



қорғау – жай жұмыс емес, бұл – өмірлік міндет, Отан алдындағы парыз.

Жергілікті тұрғындар да шекарашыларды құрметтейді. Бетқайнар ауылында әскери бөлімше мен халық арасында тығыз байланыс орнаған. Тұрғындар кез келген күдікті әрекет жөнінде дереу хабарлап отырады, ал шекарашылар өз кезегінде елді мекен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосады. Бұл – шекара күзетінің тек әскери емес, әлеуметтік маңызын да айқындайды.

Бүгінде «Бетқайнар» шекара бөлімшесі – техникалық мүмкіндігі мол, ұйымдасқан әрі заманауи талаптарға сай бөлімше. Мұнда ел шекарасының қауіпсіздігімен қатар, жас буынның патриоттық рухы қалыптасып жатыр. Әр сарбаз бұл жерден

тәртіп, батылдық пен елге адалдықтың не екенін үйреніп шығады.

Шекара – бейбіт өмірдің қалқаны. «Бетқайнардағы» шекарашылар сол тыныштықты сақтау үшін күн мен түн демей қызмет атқарып келеді. Олардың еңбегі – көрінбейтін ерлік, олардың күзеті – еліміздің амандығының кепілі. Шекара бойында жел ессе де, жүсан иісі аңқып тұрса да, сарбаздар жүрегінде бір ғана ой – Отан аман болсын.



Капитан **А. ЖЕКСЕНБИН**, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

ШЫҒЫСТАҒЫ ШЕП, ЕР ЖҮРЕКТІҢ МЕКЕНІ

Бүгінде «Бұлақты» шекара бөлімшесі заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Қару-жарақ сақтайтын орындар, тактикалық жаттығу қалашықтары, автотұрақ, қызметтік қоймалар мен қажетті инженерлік бөгеттермен толық жабдықталған. Бөлімше аумағы мен жауапты учаске шекара күзетіне толық бейімделген. Бөлімшенің жеке құрамы толық қамтылған және әрқайсысы арнайы дайындықтан өткен кәсіби мамандар. Әскери тәртіпке берік, ел мен жердің амандығын қорғауға серт берген сарбаздар шекараның тыныштығы үшін күндіз-түні қызмет етеді.

«Бұлақты» шекара бөлімшесінің негізгі міндеті – мемлекеттік шекараны қырағылықпен күзету. Шекара режимін бұзу әрекеттерінің алдын алу, есірткі және психотроптық заттардың, қару-жарақтың заңсыз тасымалына тосқауыл қою, экстремистік топтардың елімізге өтуіне жол бермеу – басты бағыттардың бірі. Қызмет барысында техникалық бақылау құрылғылары мен қызметтік иттер, бақылау камералары, радиобайланыс жүйелері кеңінен қолданылады. Шекарашылар мемлекеттік шекараны күзету бойынша барлық нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, күнделікті жауынгерлік тапсырмаларды сапалы орындайды.

Шекара бөлімшесінің күнделікті тыныс-тіршілігі қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттермен тығыз байланысты. Жеке құрам бекітілген кестеге сәйкес тактикалық, дене және арнайы дайындық бойынша сабақтар өткізеді. Әр сарбаз теориялық білім мен практикалық дағдыны қатар меңгеруге ұмтылады. Физикалық төзімділік, зейін мен ептілік – бұл шекарашының басты сапалары. Жеке құрам өзара ұйымшылдық пен тәртіпке бағына отырып, бөлімшенің ішкі тәртібін жоғары деңгейде ұстап келеді.

Шекараның қауіпсіздігі – ең алдымен сенімді техника мен үздіксіз байланысқа тәуелді. Бөлімше аумағында жаңа бақылау құрылғылары, байланыс жүйелері, пилотсыз ұшу аппараттары және арнайы техникалық құралдар пайдаланылады. Бұл жабдықтар шекара күзетін жеңілдетіп қана қоймай, қауіптің алдын алу шараларын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Тәулік бойғы бақылау жүйесі

арқылы жауынгерлер шекара бойындағы әр қозғалысты жіті қадағалап отырады.

«Бұлақты» шекара бөлімшесі жергілікті тұрғындармен, ауылдық әкімдікпен және білім беру мекемелерімен тығыз байланыс орнатқан. Әскери-патриоттық іс-шаралар, ашық есік күндері, оқушыларға арналған танымдық экскурсиялар – бұл бөлімшенің қоғаммен байланысын көрсететін жарқын мысалдар. Шекара қызметінің мән-маңызын жастарға түсіндіру, Отан алдындағы борыштың қадірін ұғындыру – бөлімше ұжымы ұдайы атқарып жүрген игілікті істердің бірі.

1975 жылғы КСРО ҚК Президиумының Жарлығымен бөлімшеге 1944 жылы фашистік басқыншылармен шайқаста ерлікпен қаза тапқан Кеңес Одағының батыры Ф.Ф. Озмительдің есімі берілді. 1986 жылы шекара бекеті Шығыс Қазақстан шекара округінің үздік бөлімшесі деп танылып, марапатқа ие болды.

Бөлімше болашаққа сенімді қадам жасап келеді. Шекара қызметін одан әрі дамыту мақсатында жаңа техникалармен жабдықтау, байланыс жүйесін жетілдіру, жауынгерлік мүмкіндіктерді арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Әскери қызметшілердің тұрмыстық жағдайын жақсарту, олардың кәсіби шеберлігін үнемі шыңдап отыру да басты назарда.

«Бұлақты» шекара бөлімшесі Қытай Халық Республикасымен 12 шақырымға жуық шекара бойын күзетеді. Мемлекеттік шекараны бірлесіп қорғау, өзара ақпарат алмасу, шекара режимін сақтау бойынша көрші елдің шекара қызметімен тығыз ынтымақтастық орнатылған. Мұндай байланыс – қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды тетік.

Шекара бөлімшесі жастармен жұмысқа ерекше көңіл бөледі. Болашақ шекарашыларды тәрбиелеу, патриоттық рухты қалыптастыру – күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі. Мектеп оқушыларымен, колледж студенттерімен кездесулер, түсіндіру жұмыстары жиі ұйымдас-тырылады. Әскери қызметтің мәртебесін арттыру – бөлімшенің басты мақсаттарының бірі.

Осынау ұжымның алдыңғы шебінде тұрған офицерлер – бөлімшенің тірегі. Бөлімше бастығы аға лейтенант Айдар Қайратұлы

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Бұлақты» шекара бөлімшесі еліміздің шығысындағы мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған сенімді бекеттердің бірі. Бұл бөлімшенің тарихы терең, жауынгерлік даңқы жоғары. Шекара заставасы 1969 жылы құрылған. КСРО КГБ төрағасының 1964 жылғы бұйрығына сәйкес, 1968 жылдың 1 қыркүйегінде қорғауға алынып, 1969 жылдың 13 тамызында Жалаңашкөл учаскесінде болған қарулы қақтығыс кезінде жеке құрам жоғары моральдық-психологиялық төзімділік пен батылдық танытты. 1970 жылы В.И. Лениннің 100 жылдық мерейтойына орай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталып, шекарашылардың ерлігі мен ерен еңбегі жоғары бағаланды.

– 1999 жылы Жетісу облысында дүниеге келген, ҚР ҰҚК Шекара академиясының түлегі. Бұған дейін «Барлық арасан» бөлімшесінде басшылық лауазымында қызмет атқарып, 2025 жылдан бастап «Бұлақтының» тізгінін ұстады. Ол үшін Отан күзеті – тек міндет емес, ер-азаматтың ата-баба аманатына адалдығы.

Бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Қайран Қаппабаев – жас болса да тәжірибелі офицерлердің қатарында. Ол 2024 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, алғашқы қызметін «Ақсақал» шекара бөлімшесінде бастаған. Қазіргі уақытта «Бұлақты» шекара бөлімшесінде жауынгерлік дайындықты үйлестіріп, жеке құраммен тәрбие жұмысын жүргізуде. Ел шекарасын сенімді күзету – оның басты мақсаты. Оның пікірінше, әр азамат үшін Отанға қызмет ету – үлкен мәртебе әрі қасиетті борыш.

Қай кезеңде болмасын, шекара – ел тәуелсіздігінің тұғыры. Осы тұғырды мызғымай қорғап келе жатқан «Бұлақты» шекара бөлімшесі – бүгінгі заман талабына сай қызмет атқарып жүрген, өткені мақтанышқа толы, болашағы нық ұжым.



Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет басқармадан.

ЕЛ ШЕБІНДЕГІ СЕНІМДІ ҚАЛҚАН

Павлодар облысының Успен ауданына қарасты Лозов ауылдық округінің аумағында орналасқан «Жетісу» шекара бөлімшесінің тарихы 2002 жылдан бастау алады. Сол жылы бұл жерде тұрғын үйлердің орнында жаңа шекара заставасының құрылысы басталып, жеке құрамның күшімен алғашқы ғимараттар бой көтерген. Осылайша Ертіс өңірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаңа шептің іргетасы қаланды.

Географиялық тұрғыдан алғанда, бөлімше аса маңызды стратегиялық аймақта орналасқан. Себебі шекараның дәл іргесінде Ресей Федерациясының ірі қалаларының бірі саналатын Новосибирск бар. Бұл өңір арқылы Азия мен Еуропаны байланыстыратын халықаралық маңызы бар А-71 автожолы өтеді. Сондықтан мұнда контрабандалық тауар айналымы мен шекара бұзушылық оқиғалары жиі тіркеліп отырған. Дәл осы факторлар аталмыш жерде шекара бөлімшесін орналастыру қажеттігін айқындады. Бүгінде «Жетісу» шекара бөлімшесі Павлодар облысы бойынша Департаментінің негізгі күштер шоғырландыру бағытына жатады.

Қазіргі таңда бөлімше аумағында «Қосақ» автомобильді өткізу пункті жұмыс істейді. Ал жергілікті тұрғындар негізінен мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналысады. Шекара заставасы ашылған алғашқы жылдары бөлімшеде ауыл тұрғындарының өздері қызмет етіп, Мемлекеттік шекараны күзету ісіне айрықша үлес қосты. Олар жер бедерін, аймақтың ерекшеліктерін жетік білгендіктен, шекара бұзушыларды ұстауда ерекше шеберлік танытқан. «Жетісу» шекара бөлімшесінің тұңғыш бастығы болып полковник А.Омаров тағайындалды. Ал алғашқы шекара наряды «Шекара сақшысы» деп аталған.

2022 жылдың маусым айынан бастап бөлімшені капитан Айтмолда Мерей Айдарұлы басқарып келеді. Ол Тапдықорған қаласының тумасы, 2018 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдаған. Қызмет жолын «Шалдай» шекара бөлімшесінде бастаса, кейін «Амангелді» шекара бақылау бөлімшесінде



және арнаулы мақсаттағы мобильді іс-қимылдар бөлімшесінде абыроймен қызмет атқарған. Үйленген, үш баланың әкесі. Жары Айгерім де жуырда әскери ант қабылдап, бүгінде «Жетісу» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілерінің қатарын толықтырды.

Мерей Айдарұлы бөлімшеге алғаш келген сәтте жергілікті тұрғындардың шекарашыларға көзқарасы салқын болғандығын айтады. «Мен қызметке кіріскеннен кейін бірінші кезекте әкімшілікпен байланыс орнаттым, ауыл тұрғындарымен жиын өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Мерекелік іс-шаралар ұйымдастырып, халықпен етене араласа бастадық. Қазір олардың көзқарасы түбегейлі өзгерді - тұрғындар шекарашыларға сеніммен қарайды, тіпті кейде өздері де Мемлекеттік шекараны күзетуге көмектеседі», – дейді бөлімше бастығы.

2024 жылдың қазан айында шекара наряды трасса бойымен

Богатырь ауылына қарай бет алған күдікті адамды байқайды. «Қарулан!» пәрмені беріліп, іздестіру іс-шаралары басталады. Бейнебақылау камералары арқылы шекара бұзушының бағыты анықталып, Мемлекеттік шекара сызығынан небәрі 80 метр қашықтықта Тәжікстан азаматы ұсталды. Сол жылы «Жетісу» шекара бөлімшесінің жеке құрамы осындай үш шекара бұзушылық фактісінің алдын алған.

Бөлімше бастығының бастамасымен рационализаторлық жұмыс та жолға қойылған. Атап айтқанда, Богатырь-Павловка бағыты шекара бұзушылық жиі орын алатын аймақ болғандықтан, ұялы байланыс арқылы бақылауға мүмкіндік беретін бейнекамералар орнатылған. Сондай-ақ, Успен ауылының әкімдігі жақында шекарашыларға бейнекамера мен домофон сыйға тартқан – бұл да жергілікті билік пен әскери құрылым арасындағы тығыз ынтымақтастықтың айғағы.

«Жетісу» шекара бөлімшесі бүгінде үлгілі әскери ұжымдардың бірі саналады. Жауынгерлік дайындық бойынша бөлімше соңғы үш жыл қатарынан бірінші орынды иеленіп келеді. Әскери тәртіп пен ұйымшылдық – бөлімшенің басты ұстанымы. Бөлімшенің үздік әскери қызметшілері қатарына сержант Туменбаев Ермек пен сержант Аленов Шыңғысты жатқызуға болады.

«Жетісу» шекарашылары қызмет бабымен қатар әлеуметтік және спорттық шараларға да белсенді қатысады. Әсіресе жыл сайын 18 тамыз «Шекарашылар күніне» орай шағын футболдан аудандық жарыс өткізіледі, мерекелік концерттер ұйымдастырылып, ауыл тұрғындарына ас таратылып, мерекелік көңіл-күй сыйланады.

Бүгінде «Жетісу» шекара бөлімшесі – Отан шебінде абыроймен қызмет етіп жүрген, жергілікті халықтың сеніміне ие болған, жауынгерлік дайындықта үздік нәтижелерге қол жеткізіп отырған әскери ұжым. Осындай шекарашылар барда – ел шебі берік, тәуелсіздік тұғыры мәңгі бола бермек.

Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

ШӨЛ ДАЛАНЫҢ БЕКІНІСІ

Түркістан облысы Шардара ауданына қарасты Қ.Тұрысбеков ауылдық округіндегі «Тамды» елді мекенінде орналасқан «Тамды» шекара бөлімшесі 2012 жылдың қараша айында құрылды. Алғашқы кезде бұл нысан бұрынғы «Қоғалым» шаруашылығына қарасты «Тамды» фирмасының аумағында орналасқан болатын.

Кейін уақыт өте келе бөлімше «Тамды құдығына» көшіріліп, ресми түрде «Тамды» шекара бөлімшесі атанды. Сол сәттен бастап ел шебін күзету міндетін абыроймен атқарып келе жатқан бұл бөлімше бүгінде Шардара өңіріндегі шекара қауіпсіздігінің сенімді тірегіне айналды.

2024 жылдың тамыз айынан бастап бөлімшені аға лейтенант Елдар Курманғалиевич Матаев басқарып келеді. 2014–2015 жылдары мерзімді әскери қызметін өткерген, 2016–2017 жылдары Жәнібек шекара басқармасына қарасты «Қарасай» шекара бөлімшесінде қызмет атқарған. 2017–2021 жылдары Шекара академиясын тәмамдап, кәсіби даярлығын жетілдірді. Жас офицердің еңбек жолы – ел қауіпсіздігіне адалдық пен жауапкершіліктің айқын көрінісі.

«Тамды» шекара бөлімшесінің жауапкершілік аймағы — Өзбекстан Республикасымен шектесетін стратегиялық маңызы бар өңір. Ұзындығы 30 шақырымға жуық шекара сызығын күзететін бөлімшенің жеке құрамы тәулік бойы кезекшілік атқарып, ел тыныштығын күзетуде. Қиын климаттық жағдайда – жаздың



аптап ыстығы мен құмды дауылына, қыстың ызғарлы желіне қарамастан, сарбаздар өз борыштарын абыроймен өтеп келеді. Шекара бекінісі инженерлік жағынан толық қамтамасыз етілген. Мемлекеттік шекараның тұтастығын сақтау мақсатында бес бағыт бойынша бақылау бекеттері, сигналдық құрылғылар мен бақылау камералары орнатылған. Бүгінде «Тамды» шекара бөлімшесі – ҰҚК Шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаментіндегі ең ілгері бекеттердің бірі. Мұнда жас офицерлер тәжірибе жинақтап, сарбаздар шекара күзетінің жаңа технологияларын меңгеруде. Жеке құрамның ынтымағы, тәртібі және жауапкершілігі – ел шекарасының беріктігінің кепілі. «Тамды» шекарашылары үшін ең басты мақсат – ел тыныштығы мен тәуелсіздікті күзету, өз антына адал болу.

Шөлдің ортасындағы бекет – ел мен жердің шекарасын ғана емес, Тәуелсіз Қазақстанның тыныштығын қорғаған сарбаздардың рухын да бейнелейді. «Тамды» шекара бөлімшесінің тарихы – батылдық пен борыштың, адалдық пен отансүйгіштіктің айқын үлгісі.



Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.

ГДЕ ГРЕМИТ ВЕТЕР – ТАМ СТОИТ ПОГРАНИЧНИК!

На стыке двух областей – Северо-Казахстанской и Костанайской среди бескрайних казахстанских степей, где зима приходит рано, а ветер звучит как голос истории, несет свою непростую службу пограничное отделение «Аткөл». Оно расположено в селе Буденное, что входит в состав Нежинского сельского округа района имени Г. Мусрепова. Здесь, вдали от суеты больших городов, где до Петропавловска более 200 километров, несут свою вахту те, кто первым встречает угрозы, прежде чем они успеют перейти рубеж.

Буденное – это живая линия обороны и человеческой сплоченности. Природа здесь сурова, но величественна. Широкая степь, вечные ветра, зимой – снежные вихри, что нередко заносят дороги, отрезая село от остального мира. Но именно тогда, когда техника бессильна, когда часами не видно горизонта, на помощь местным жителям приходят пограничники. Их техника, воля и готовность – вот что делает эту службу поистине всенародной.

Служба в пограничном отделении «Аткөл» – это не только охрана государственной границы. Это постоянное взаимодействие с соседним департаментом по Костанайской области, это совместные учения, отработка координации в случае изменения оперативной обстановки.

Так, в начале октября произошло взаимодействие между двумя департаментами, в ходе которого обсуждались вопросы координации действий при изменении обстановки на ру-

беже. Все прошло на высшем уровне – оценка командования, доверие системы, признание профессионализма личного состава.

В пограничном отделении «Аткөл» присутствует жизнь, полная как служебного напряжения, так и человеческого тепла. Пограничники ведут активную работу с населением: каждый месяц проводятся сходы, где местным жителям объясняют правила поведения в приграничной зоне. Работают с детьми, на постоянной основе организуют конкурсы рисунков, вручают подарки. Здесь верят: патриотизм начинается с детства, с улыбки, с понимания, что рядом есть те, кто охраняет твой покой.

Только за последний период отделением зафиксировано и пресечено 11 попыток нарушения пограничного режима. Благодаря вниманию к деталям, бдительности нарядов и техническому оснащению, все нарушители были задержаны и переданы компетентным



органам. Работа идет круглосуточно, без праздников и выходных. Для пограничника не существует понятия «свободное время» – есть только «боевое дежурство».

Лучшие из лучших служат именно здесь. По итогам 2024 года младший сержант Оразай Ануаров признан лучшим кинологом. А младший сержант Шынғыс Жолдыбаев стал лучшим старшим нарядом среди военнослужащих депар-

тамента. Их работа – пример четкости, смелости и высокого чувства ответственности.

На праздниках здесь не забывают ни о прошлом, ни о людях рядом. Например, на Наурыз военнослужащими среди жителей села было организовано соревнование по гиревому спорту, где победителям вручались призы. А в мае, в день Великой Победы военнослужащие возложили цветы к памятникам павшим.

Служба в пограничном отделении «Аткөл» – это вызов. Здесь каждый шаг – это защита страны. Здесь служат те, на чьих плечах – государственная граница нашей Родины.



Майор
Д. МУКАЖАНОВА,
«ОС-ЧР». Фото из
подразделения
границы.

ШЕКАРА ШЕБІНЕ ЖОЛ АШҚАН

Таңғы салқын самалмен бірге жаттығу алаңында сапқа тұрған жас сарбаздардың жүзінен жігер мен мақтаныш сезіледі. Күн сайын олар әскери жарғыларды меңгеріп, саптық дайындық, атыс және тактикалық машықтар сабақтарынан өтеді. Бұл кезең олардың әскери өмірге бейімделіп, нағыз шекарашы болуға бағытталған алғашқы мектебі іспетті. Шекара күзетінің ерекшеліктерін, техникалық құралдарды қолдану тәсілдерін, жауынгерлік тәртіп пен кезекшілік кезіндегі іс-қимыл ережелерін егжей-тегжейлі үйренуде.

Оқу орталығында жас сарбаздар тек жалпы әскери дайындықпен шектелмейді. Мұнда болашақта шекара бөлімшелерінде қызмет атқаратын түрлі мамандар даярланады. Бірі жүргізушілік машықты үйренсе, бірі аспаздық өнерді меңгеруде, енді бірі қызметтік иттермен жұмыс істеуге бағытталған кинолог мамандығына машықтануда. Бұл мамандықтардың әрқайсысы шекара қызметінде ерекше маңызға ие. Себебі шекарадағы әр бөлімше дәл осындай білікті мамандардың еңбегіне сүйенеді.

Сонымен қатар, оқу орталығында шекаралық бақылау саласы бойынша кіші бақылаушы дайындалып жатыр. Бұл – аса жауапты бағыт, себебі олар ертең ел қақпасындағы өткізу бекеттерінде қызмет атқарып, азаматтар мен жүктің заңды өтуін қамтамасыз етеді. Шекаралық бақылау мамандарының міндеті – тек құжат тексеру емес, ол ел қауіпсіздігіне тікелей жауап беретін жауапты қызмет. Сондықтан бұл мамандық иелерінен ұқыптылық пен байыптылық, зейін мен еділдік талап етіледі.

Оқу орталығында тәртіп пен жүйелілікке ерекше мән беріледі. Сарбаздар әскери жарғы мен тәртіп нормаларын үйреніп,

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының оқу орталығында күзгі шақырылыммен келген жас сарбаздар әскери өмірдің алғашқы сабақтарын меңгеріп жатыр. «Күз – 2025» оқу кезеңі – олардың өмір жолындағы ең жауапты әрі мақтанышқа толы белес. Осы кезеңде әрбір жас сарбаз Отан алдындағы қасиетті антына дайындалып, шекара қызметінің қатаң тәртібі мен жауапкершілікке толы өмір салтын бойына сіңіруде.

ұжымдық жауапкершіліктің маңызын түсінуде. Мұндағы басты мақсат – ел шекарасын қорғауға қабілетті, моральдық тұрғыдан төзімді, кәсіби дайын жауынгерлерді қалыптастыру.

Оқу орталығының басшысы – полковник Дарын Нұрақынұлы Кекілов. Ол тәжірибелі офицер, көптеген жыл шекара қызметінің түрлі бағыттарында еңбек еткен маман. Полковник Д.Кекілов жас сарбаздарды оқыту ісінде жауапкершілік пен талапшылдықты басты ұстаным етіп отыр. Оның басшылығымен оқу процесі жүйелі, заманауи тәсілдермен және нақты практикалық бағдармен жүргізілуде. Ол үшін басты қағида – әр сарбаздың өз мамандығына шынайы қызығушылықпен қарап, шекара қызметінің мәнін терең түсінуі.

Полковник Д.Н. Кекіловтың айтуынша, әскери дайындық – тек ереже мен жаттығу ғана емес, рух пен сенім мектебі. Ол сарбаздарға жиі: «Шекарашы болу – Отанға адал қызмет етудің ең жоғары көрінісі. Сендер елдің тыныштығы мен тәуелсіздігін қорғауға ант бересіңдер. Бұл ант – өмір бойғы борыш», – деп айтады.

Жас сарбаздар әскери ант қабылдайтын күнді үлкен толқыныспен күтуде. Ол – олардың өміріндегі жаңа белес, азаматтық жауапкершіліктің бастауы. Ант беру рәсімі – әрбір жас жауынгер үшін мақтаныш пен рух биігі. Осы сәттен бастап олар ел шекарасының сенімді қорғаны болуға серт береді.



Қордай жеріндегі оқу орталығы – шекара қызметінің болашақ кадрларын тәрбиелейтін қасиетті мекен. Мұнда тәртіп пен еңбек, сабыр мен намыс, бірлік пен бауырмалдық ұштасқан. Күн сайынғы сабақтар мен дайындықтар жас сарбаздардың бойындағы сенімді, тәртіпті және елге адалдық сезімін қалыптастырады.

«Күз – 2025» жас шақырылым сарбаздарының оқу кезеңіне қатысып жатқан сарбаздар ертең Жамбыл өңірінің және

Қазақстанның өзге де шекаралық аймақтарында қызметке кіріседі. Олардың әрқайсысы өз мамандығы бойынша бөлімшелерде маңызды рөл атқарады. Көлік жүргізушісі де, аспаз да, кинолог та, бақылаушы да – барлығы бір мақсатқа қызмет етеді: ел шекарасының тұтастығын сақтау.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ХАЛІҢ ҚАЛАЙ, ЖАС САРБАЗ?

Жыл құсындай болып жететін сарбаздарды қарсы алып, оларды ел шебінің өміріне үйрету, қызметке баулу – техникалық және кәсіптік даярлау бөлімдеріне жүктелген міндет екені даусыз. Ал бұл қалай жүргізіледі? Бүгінгі мақала осы туралы.

ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек пен Қарасай батырлардың есімдерін еншілеген қос шекара басқармасының өз оқу базалары бар. Осында келіп түскен жас сарбаздарды қақа алдынан күтіп алып, әскери өмірдің әліппесімен таныстыруға кірісетін офицерлер мен кіші командирлер қашан оқу процесі аяқталғанша «жарғақ құлақтары жастыққа тимейді».

Бұл туралы Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының орынбасары – техникалық және кәсіптік даярлау бөлімінің бастығы подполковник И.Рыбин бізбен сұхбатында былай дейді:

– Өйткені, Шекара қызметінің сапына алынған әрбір сарбаз үшін оқу базасы – әскери мектептің бірінші сыныбы іспетті. Әскери орта, жауынгерлік достық, темірдей қатал тәртіп – осының барлығы оларды өзгертеді, ширатады. Ата-ана, туыстың қадірін, өздерінің азаматтық өмірдегі уақыттарының қадірін түсінеді. Осының барлығы біздің жіті назарымызда болады. Олар қашан жақсы шекарашы, бесасап маман болып шыққанға дейін бізге еш босаңсуға болмайды.

Иван Сергеевичтің айтуынша, бүгінде бөлімде 350-дей сарбаз қалыптасу кезеңінен өтуде. Дегенмен, «қалыптасу» дегеннен гөрі «дайындыққа кірісті» дегеніміз дұрыс секілді. Себебі, «Күз-2025» шақырылымының сарбаздары үшін шекара басқармасының далалық оқу полигонында көрсетілім сабағы өткізіліп, олар алда болатын Ант қабылдау рәсіміне дайындықты бастап кетіпті.

...Айтпақшы, осындайда жақында ғана өз басымыздан өткерген мына оқиғаны еске алмасқа болмайды.



28 гвардиялық-панфиловшылар саябағының іргесінде тұрған Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінде маңызды шара өтетін болып, департаменттің бас тәлімгері полковник Серік Төлеухановпен бірге аталған оқу ордасының алдына келгеніміз сол болатын. Осы кезде жолдың жиегіне қаңтарылған әскери көліктің қасынан

өтіп бара жатқан жас жігіт бейне бір өзінің ежелгі танысын кездестіргендей бізбен емен-жарқын амандасып:

- Сіз Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында өткен Ант қабылдау рәсімінде болған журналист емессіз бе? Мен сонда болған сарбазбын, - деді күлімсіреп.

Ал керек болса! Мегаполистің қақ ортасында қос шекарашының кездескені қандай, шіркін! Өзінің туысын көргендей, жадырап сала берген сарбазды көргенімізге біз де қуандық. Енді қалай деп едіңіз, мейлі ол өзінің азаматтық борышын шекарада өтеп, туған үйіне оралсын. Бірақ бізде «бұрынғы шекарашы» деген ұғым жоқ... Әрине, бізді көріп, көздері күлімдеп қоя берген сарбаздың түрі жадымда сақталмағаны өз-өзінен түсінікті де. Өйткені, журналистік іссапар кезінде біз қаншама шекарашымен кездесеміз, жүздесеміз. Есесіне, олардың бізді ұмытпайтынын – бүгінгі кездесудің өзі көрсетіп тұр еді...

...Бұл кезде Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының оқу базасындағы өмір қайнап жатқан болатын. Жаңа орта, жаңа талап, жаңа тәртіп. Әскерге шақырылғандардың арасында 39 жоғары білімді, 200-ден астам арнайы-орта білімді сарбаз бар екен. Тағы да 17 сарбаздың «спорт шеберіне үміткер» деген атағы бар. Бөлім бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Дәурен Байсеріковтың айтуынша, мұнда «сегіз қырлы, бір сырлы» таланттылар да жетіп артылатын көрінеді. Бұл дегеніміз, бізді жаңа кейіпкерлер күтіп тұр. Бәрінен де сарбаздардың көңілдері көтеріңкі! Біз мұны оқу базасының жаңа «фотографы» жіберген суреттерге қарап түсіндік...

Ең бастысы, процесс басталды.



Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Сурет
шекара
басқармасынан.

СТАЛЬНОЙ ЩИТ ОТЕЧЕСТВА

Граница – это не просто линия на карте. Это грань между миром и угрозой, между стабильностью и хаосом. И на этой грани стоят те, кто не знает компромиссов, кто выбирает не покой, а ответственность. Те, кто строит, укрепляет, защищает. Сегодня мы расскажем об их труде – невидимом, но жизненно важном, выполненном с опережением сроков, но без потери качества.

Инженерно-техническое обеспечение охраны Государственной границы на территории Северо-Казахстанской области осуществляется усилиями военнослужащих группы инженерно-технического обеспечения Департамента ПС КНБ по Северо-Казахстанской области. Работы ведутся под четким и грамотным руководством начальника отдела вооружения подполковника Тимура Дуйшеева и старшего офицера отдела вооружения майора Кайрата Хабдулина. Их профессионализм, твердая воля и стратегическое видение стали залогом того, что весь план инженерного обеспечения, рассчитанный на 2025 год, был выполнен уже к 30 августа.

В числе самых трудоемких объектов стал участок пограничного отделения «Баян Батыр», где было оборудовано три километра ограждения из сварной металлической сетки. Но работа здесь заключалась не только в установке металлоконструкций: специалисты заливали прочнейшие бетонные опоры, затем уста-

навливали секции сварной панели, после чего на верхнюю часть забора монтировали спиральный барьер безопасности. Эти действия требовали точности, слаженности и немалой физической выносливости.

На участках пограничных отделений «Каракудук» и «Ащикен» в полном объеме выполнены работы по оборудованию десяти километров защитных ограждений из колючей цинкованной проволоки. Эти конструкции натянуты, как струна – простые, но надежные, они становятся непреодолимым препятствием для любого, кто попытается пересечь границу незаконно.

На участке пограничного отделения «Кызылту» установлено два с половиной километра защитного козырька V-образной формы со спиральным барьером безопасности. Сталь, натянутая в форме хищного крыла – это еще один знак, что наша граница не просто охраняется – она защищена.

На участке пограничного отделения «Талсай» была установлена металлическая наблюдательная вышка – это много-



функциональная инженерная конструкция, обеспечивающая расширенный обзор и контроль за обстановкой в пределах пограничной зоны.

Кроме того, на участках пограничных отделений «Шыганак» и «Каракудук» был

проведен текущий ремонт существующих металлических наблюдательных вышек. Также дополнительно отремонтирована взлетно-посадочная полоса, что существенно повысило функциональные возможности обеспечения мобильности пограничных подразделений.

Выполнение работ легло на плечи инженеров, техников и мастеров, которые не просто исполняли задачи – они жили ими, понимали их значение. Хочется назвать имена тех, кто внес свой личный вклад в общее дело: старший техник группы инженерно-технического обеспечения сержант Айрат Омаров, мастера инженерно-технического обеспечения старший сержант Андрей Литвиненко, ефрейтор Данияр Дилдабаев, рядовой Арман Байгонов. Вместе с ними трудился разведчик младший контролер первой маневренной группы пограничного отдела «Жамбыл» ефрейтор Айдос Жангерей. Это люди долга, для которых забор – не просто сооружение, а символ надежности.

Каждый инженер и каждый техник доказал: служение Родине – это не громкие слова, а ежедневный тяжелый труд, который требует не только знаний, но и характера. Границу охраняют не заборы, а люди. И мы гордимся теми, кто стоит на переднем крае безопасности страны.

**Майор
Д. МУКАЖАНОВА,
«OS-ЧР». Фото из
подразделения границы.**

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЖАҒЫМДЫ ҮЛГІСІ

Басқарма білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі жұмысты 2014 жылдан бастап тиісті деңгейде жүргізіп келеді. Оның ішінде Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентінде, Н.Тілендиев ауылында жалпы білім беретін мектептерде кадет сыныптары ұйымдастырылған.

Аталған мектептердің оқушыларымен тұрақты түрде жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, итпен көрнекі өнер көрсету іс-шаралары, ашық есік күні, Қазақстан армиясындағы бір күн өткізіледі. Жүргізіліп жатқан жұмыстар елге деген мақтанш сезімін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, мәдени құндылықтарға деген терең құрмет сезімін сіңіруге бағытталған.

Сонымен қатар, 2025 жылғы қыркүйек айында егеменді еліміздің патриот жастарын тәрбиелеуде және қызметтік жауынгерлік іс-әрекетінің жағымды үлгілерін насихаттау мақсатында, Қызметтік кинология басқармасымен тығыз байланыстағы Алматы облысы, Іле ауданы, Н. Тілендиев ауылының №26 орта мектебінің «Жас Шекарашы» әскери – патриоттық 5 сынып оқушыларына Басқарманың тыныс-тіршілігімен таныстыру жұмыстары ұйымдастырылды.

Оқу-әдістемелік бөлімше-

ҚР ҰҚК ШҚ Қызметтік кинология басқармасында өскелең ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу бағытына ерекше назар аударылады, оның негізгі күш-жігері жоғары патриоттық сананы қалыптастыруға, мемлекетті қорғау жөніндегі конституциялық міндеттерді орындауға бағытталған.



сінің аға офицері подполковник Е. Попков оқушыларға Басқарманың жетістіктері мен қызметтік иттермен жұмыс істеу материалдық базасымен таныстырды.

Қызметтік иттердің мамандары қызметтік иттердің көмегімен «Жалпы курстық дайындық», «Адам денесінде қару жарақты іздеу», «Автотөлікте жасырынған есірткі заттарын іздеу» т.б. элементтерді көрсетті.

Басқарма бастығының орынбасары – ТИЖКЖББ подполковник Е. Сауранбаев оқушыларға Қызметтік кинология Басқармасының тарихы туралы қысқаша мағлұмат берді.

Асыл-тұқымды иттермен жұмыс істеу бөлімшесінің аға офицері майор А. Ростовцев оқушыларға арнайы дайындалған бейне роликті көрсетті.

«Жас Шекарашы» әскери – патриоттық сыныптарымен өткізіліп жатқан іс-шаралар жастарды патриоттық тәрбиелеуге айтарлықтай оң үлес қосады. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев атап өткендей: «Жастар бұл прогрестің символы, біздің барлық үмітіміздің жарқын болашаққа ұласуы».

**Лейтенант
Д. ЖАМУХАМБЕТОВ,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген
майор Л. МАҚЫТБЕКҚЫЗЫ.**



ЕГЕМЕНДІКТІҢ БАСТАУЫ

Республика күні өткенді еске алу ғана емес, болашаққа бағытталған ұлттық бірлік пен жаңару мерекесі болуы тиіс дейді әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің докторанты, тарихшы-этнограф ғалым Дәулет Жайлыбай.

– 1990 жылғы Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның тарихи маңызы қандай?

– 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларация – Қазақстан тәуелсіздігінің алғышарты әрі ел тарихындағы аса маңызды саяси-құқықтық құжаттардың бірі. Бұл декларация арқылы Қазақстан өзінің аумағына, табиғи байлықтарына дербес иелік ету құқығын заң жүзінде бекітті. Сондай-ақ, Республика заңдарының одақтық заңдардан үстем екені жарияланды. Яғни бұл құжат бұрынғы кеңестік жүйеден саяси және экономикалық тәуелсіздікке қарай нақты қадам жасаудың көрінісі болды. Кейінгі конституциялық реформалардың, 1991 жылғы Тәуелсіздік декларациясының негізі де осы құжатта қаланды.

– Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстан үшін егемендік туралы декларация қабылдау қаншалықты батыл қадам болды?

– Ол кезеңде Кеңес Одағы әлі ыдырай қойған жоқ, орталық билік республикалардың дербестігіне сенімсіздікпен қараған шақ еді. Мұндай жағдайда егемендік туралы декларация қабылдау – үлкен саяси ерік пен тәуекелді қажет еткен батыл қадам болды. Қазақстан басшылығы елдің болашағын өз қолына алу үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, отарлық жүйеден құқықтық тұрғыда шығуға шешім қабылдады. Бұл — жаңа мемлекеттілікті қалыптастырудың нақты бастауы болатын.

– 2022 жылы Республика күні қайтадан мемлекеттік мереке мәртебесін алуына не түрткі болды? 25 қазан — Республика күні мерекесінің тарихи негізі мен мәні неде?

– 2022 жылы Республика күніне мемлекеттік мереке мәртебесінің қайтарылуы – тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің маңызды қадамы болды. Өйткені 25 қазан – Қазақстан егемендігінің іргетасы қаланған күн.



Егемендік туралы декларация – тәуелсіздікке апарар жолдың ресми бастауы. Республика күнінің қайта жаңғыруына ел тарихындағы маңызды белестерді қазіргі ұрпақтың санасына сіңіру, мемлекеттіліктің сабақтастығын көрсету және ұлттық мерекелер жүйесін тарихи шындыққа сәйкестендіру ықпал етті. Бұл шешім қоғамда кең қолдау тапты, өйткені халық өзінің мемлекеттілік тарихына қайта назар аударып, осы күннің қадірін түсіне бастады.

– Бүгінгі жастар үшін 25 қазанның тарихи және рухани маңызын қалай түсіндіруге болады?

– Қазіргі жастар үшін 25 қазан – жай ғана демалыс күні емес, бұл – мемлекеттілік пен еркіндіктің бастауы. Егемендік туралы декларация жастарға тәуелсіз елде өмір сүрудің қаншалықты жауапты әрі бағалы екенін ұғындырады. Сол құжаттың арқасында бүгінгі ұрпақ өз тағдырын өзі шешетін дербес мемлекеттің азаматтары болып отыр. Бұл күн — ұлттық сана мен патриотизмді, тарихи жадыны күшейтетін рухани символ. Жастар осы күннің мәнін түсінсе, елдің ертеңіне де жауапкершілікпен қарайды.

– Дәулет Жақсымұратұлы, Республика күнін атап өтудің жаңа формалары немесе дәстүрлері қандай болуы керек деп ойлайсыз?

– Республика күнін тек ресми жиындармен шектемей, халықтың кеңінен қатысуымен атап өту маңызды. Мысалы, тарихи реконструкциялар мен деректі қойылымдар арқылы жастарды сол кезеңнің атмосфе-



расына енгізуге болады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында «Егемендік апталығы» өткізіліп, ашық сабақтар, пікірсайыстар, тарихи квесттер ұйымдастырылса, мерекенің мазмұны тереңдей түседі. Қалалар мен ауылдарда халықтық шерулер, мәдени фестивальдер, патриоттық челленджер өткізу — мерекені заманауи әрі елдік сипаттағы оқиғаға айналдырады.

– Сұхбатыңызға рақмет!



Сұхбаттасқан лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ, «ОС-ЧР». Суреттер отбасылық мұрағаттан және ғаламтор желісінен.

ҮЗДІК

ҚЫЗМЕТТЕГІ ТАБАНДЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету – ел амандығын сақтауға бағытталған аса жауапты әрі мәртебелі міндет. Осы міндетті адалдықпен атқарып жүрген офицерлердің қатарында «Шығанақ» шекара бөлімшесінің бастығы капитан Вагонхан Еламан Арманұлы ерекше орын алады.



1995 жылы 2 мамыр күні Жамбыл облысының Жамбыл ауданы, Ерназар ауылында дүниеге келген ол жастайынан тәртіп пен патриоттық тәрбиенің негізінде өсіп, әскери жолды таңдады. 2013 жылы туған аймағындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясына түсіп, шекарашы офицер мамандығын игеруге кірісті. 2017 жылы академияны тәмамдаған жас офицер алғашқы қызметтік қадамдарын Шекара қызметінің жедел бағыттағы бөлімдерінде бастады.

2017–2019 жылдары Первомайқа және Шығанақ шекара бөлімшелерінде бөлімше бастығының орынбасары лауазымдарында қызмет атқарып, өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз орындады. Әскери тәртіпті қатаң ұстанатын, қарамағындағы жеке құрамды тәрбиелеуде талапшылдығы мен әділдігі арқылы ерекшеленді. 2019–2024 жылдары «Еміл» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымын абыроймен атқарып, ұйымдастырушылық және басшылық қабілеттерін шыңдады. 2024 жылдан бастап «Шығанақ» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымына тағайындалып, бүгінде осы бөлімшенің жауынгерлік дайындығы мен шекара тәртібін қамтамасыз етуде жоғары нәтижелерге жетіп отыр.

Капитан Вагонханның басшылығымен «Шығанақ» шекара бөлімшесі шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үздік көрсеткіштерге қол жеткізуде. 2024 жылдың қорытындысы бойынша бөлімше мемлекеттік шекара режимін бұзудың 56 дерегін тіркеп, көші-қон тәртібін сақтамаған 72 адамды жауапкершілікке тартты. 2025 жылдың басынан бері 29 құқықбұзушылықтың жолы кесіліп, заңсыз өтуге талпынған шетел азаматтары дер кезінде анықталып, құқық қорғау органдарына тапсырылды. Сол жылдың маусым айында капитан Вагонханның тікелей бақылауымен заңсыз жолмен шекара асуға тырысқан тұлға ұсталып, мемлекеттік шекараның мызғымастығы қамтамасыз етілді.

Офицердің кәсібилігі тек операциялық бақылаумен шектелмейді. Жеке құрамды тәрбиелеу, жас сарбаздарға әскери тәртіпті сіңіру, Отанға қызмет етудің абырой екенін түсіндіру – оның басты ұстанымдарының бірі. Ол әрдайым қарамағындағы әскери қызметшілерге «Шекараны қорғау – ел сенімі, бұл сенімді намыспен ақтау – әр шекарашының борышы» деп айтып келеді. Қызметтік адалдығы мен ерік-жігері үшін капитан Вагонхан бірнеше мәрте басшылық тарапынан марапатталды, департамент пен басқарма бастықтарының Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарына ие болды.

Отбасында үлгілі азамат, бір ұл мен бір қыздың әкесі. Қызмет пен отбасы жауапкершілігін қатар алып, өмірлік ұстанымында тәртіп пен адалдықты алға қояды. Оның өмір жолы – жас офицерлер мен сарбаздар үшін нағыз ерлік мектебі, ал қызметтегі табандылығы – мемлекеттік шекараны күзетудегі шынайы патриотизмнің айқын үлгісі.

Капитан Вагонхан Еламан Арманұлы – бүгінгі заман шекарашысының бейнесі. Ол ел тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында абыроймен қызмет атқарып, Қазақстан шекарасының берік қалқаны болып, Отан алдындағы антына адал екенін күн сайын дәлелдеп келеді.

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «ОС-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

СИЛА ВОЛИ И ВЕРНОСТЬ ДОЛГУ



Служба на государственной границе требует от человека особых качеств – выносливости, силы духа и готовности действовать в любых условиях. Всеми этими чертами в полной мере обладает старший лейтенант Багдат Умуткали, офицер отдела пограничного контроля «Кайрак» (железнодорожный) Департамента ПС КНБ по Костанайской области.

Помимо добросовестного несения службы, офицер активно занимается спортом и показывает блестящие результаты. На республиканской спартакиаде Пограничной службы 2025 года, проходившей в Карабалыкском районе, Багдат Умуткали стал победителем в весовой категории до 100 килограммов и завоевал второе место в соревновании «Түйе палуан» среди тяжеловесов. Эти достижения стали не только личным успехом, но и поводом для гордости всего коллектива.

Родился Багдат Муратбекович 3 августа 2000 года в селе Кызбел Жангелдинского района Костанайской области. После окончания средней школы он поступил в Костанайский региональный университет имени Ахмета

Байтурсынова, где обучался по специальности «ветеринария» на гуманитарно-социальном факультете. Параллельно прошел обучение на военной кафедре, где ему было присвоено звание лейтенант запаса. Именно в этот период молодой человек окончательно решил связать свою жизнь с военной службой.

– В первую очередь, мне помогло добиться таких результатов в спорте – постоянство и трудолюбие. Спорт учит дисциплине и выдержке, формирует характер. На ковре ты должен быть собран и спокоен – эти же качества необходимы и на службе. Умение контролировать себя и не сдаваться помогает в любой жизненной ситуации, – с улыбкой говорит офицер.

После ярких выступлений на спартакиаде его пригласили на телевидение, где он рассказал о своих спортивных достижениях и о том, как физическая подготовка помогает в службе.

– Мне удается совмещать спорт и службу на границе благодаря режиму. После смены нахожу время для тренировки. Спорт помогает не только поддерживать физическую форму, но и разгружает эмоционально. Для пограничника важно сохранять ясность ума и внутреннюю устойчивость, а спорт этому способствует, – говорит Багдат Муратбекович.

Коллеги характеризуют старшего лейтенанта Б. Умуткали как дисциплинированного, ответственного и трудолюбивого офицера. Он пользуется заслуженным уважением в коллективе, всегда поддерживает товарищей и делится опытом с молодыми военнослужащими.

Сегодня пограничник продолжает службу на железнодорожном пункте пропуска «Кайрак». Его жизненный путь – пример для молодых пограничников: если верить в себя, упорно трудиться и оставаться верным долгу, можно достичь любой вершины.



Старший лейтенант Н. САКЕН, «ОС-ЧР».
Фото из личного архива Б. УМУТКАЛИ.

СЕНИМ МЕН СЕРГЕКТІК

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету – айрықша жауапкершілік пен табандылықты талап ететін қасиетті міндет. Осы жолда күн-түн демей қызмет етіп жүрген шекара сақшыларының бірі – «Сарыағаш» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, аға лейтенант Беккен Нұржан Болатұлы.



Беккен Нұржан 1995 жылдың 15 қазанында Түркістан облысы, Ордабасы ауданының Шұбар ауылында дүниеге келген. Бүгінде отағасы, бір баланың әкесі. Әскери жолын Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусында бастап, кейін

Отардағы 21450 әскери бөлімінде тәжірибе жинақтады. 2019–2023 жылдары ҰҚК Шекара академиясында білімін жетілдірді.

Қазіргі уақытта ол – «Сарыағаш» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары. Бұл лауазымға келген сәттен бастап әскери бөлімшенің жауынгерлік қабілетін арттыруға, жеке құрамның кәсіби шеберлігін шыңдауға ерекше көңіл бөлді. Нәтижесінде бөлімше әскери қызметшілері оқу-жаттығуларда жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, 2025 жылы Түркістан облысы бойынша департамент ұйымдастырған «Үздік іздеу тобы» жарысында бірінші орынды иеленді. Сонымен қатар «із кесу» номинациясында үздік болып танылды.

Беккен Нұржан басшылық жасаған топ соңғы жылдары бірнеше мәрте мемлекеттік шекараны заңсыз бұзу деректерін анықтап, қырағылық танытты. Ең есте қаларлық оқиғаның бірі – 2025 жылдың тамызындағы түнгі оқиға. Шекара бұзған белгісіз тұлғаларға қарсы «Дабыл тобы» жұмылдырылып, Нұржан Беккеннің басшылығымен іздестіру жүргізілді. Қызметтік ит қолданылып, жеке құрамның кәсіби іс-қимылы арқасында Бангладеш азаматтары ұсталды.

Аға лейтенант Беккен Нұржан – әскери борышын адал атқарып, отансүйгіштік рухымен ерекшеленген жас офицер. Оның еңбегі – шекара шебінде тыныштық пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі жарқын үлес. Мұндай абыройлы қызметшілердің қажырлы еңбегі арқасында халық бейбіт өмір сүріп, елдің шекарасы берік қорғалып отыр.

Майор Р. АСАДИЛОВ
«ОС-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығы ең алдымен шекара шебінің мызғымастығымен өлшенеді. Бұл – талай рет тарих дәлелдеген шындық. Бүгінде мыңдаған шақырымға созылған Қазақстан шекарасында күн-түн демей күзетте тұрған шекарашылар – ел тыныштығының қалқаны. Сол қаһарман жандардың қатарында көзге көп түсе бермейтін, бірақ еңбегімен шекара қауіпсіздігін бекемдеп жүрген офицерлер де бар.



Сондай офицердің біртуары ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Жайсан» шекара бөлімшесінің бастығы, капитан Нұрсұлтан Серікұлы Тұрдақын. Ол 1998 жылдың 23 желтоқсанында Жетісу облысы Панфилов ауданының Атамекен ауылында дүниеге келген. Балалық шағы еңбек пен жауапкершіліктің ортасында өтті. Кең даланың кеңдігі мен ауыл тіршілігінің тәртібі оның мінезін шыңдап, болашақ жолына бағыт берді. Ауылдағы шекарашылардың айбынды бейнесі мен әскери тәртіпті өмірі жас Нұрсұлтанның жүрегінде өшпес із қалдырды. Сол кезден-ақ ол «Отан қорғау – ер азаматтың асыл борышы» деген сенімге берік болды.

Алғаш 2005 жылы мектеп табалдырығын аттаған ол зеректігімен, спорттағы белсенділігімен және тәртіпті мінезімен ұстаздарының сенімін ақтады. Мектеп қабырғасынан-ақ жауапкершілігі, ұқыптылығымен ерекшеленіп, 2016 жылы білім ордасын тәмамдап, үлкен өмірге батыл қадам жасады.

Сол жылы ол арманының ізімен Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсті. Академия қабырғасында өткізген жылдар оның өмір мектебіне айналды – темірдей тәртіп, табандылық және әр ісіне деген асқан жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырды.

2020 жылдың тамыз айында Нұрсұлтан қызмет жолын «Майтөбе» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары ретінде бастады. Бір жылдан соң, 2021 жылдың қаңтарында, «Әйтеке би» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымына тағайындалды. Кейін 2022 жылдың қазан айында Қобда шекара бөлімінің құрамындағы «Терісаққан» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымына отырды. 2024 жылдың қазан айында «Жайсан» шекара бөлімшесінің бастығы қызметіне тағайындалды. Әр сатысы – адал еңбектің, талап пен табандылықтың нәтижесі.

Капитан Тұрдақын – тек өз ісінің шебері ғана емес, ізінен өрген жас шекарашы офицерлерге де бағыт-бағдар беріп жүрген тәлімгер. Ол үшін тәлімгерлік – міндет емес, борыш. «Білгенінді үйрету – елге қосқан ең үлкен үлес» деген ұстаныммен, жас шекарашыларға әркез қолдау көрсетіп, кәсіби жолда дұрыс бағдар сілтейді.

Қызмет барысында ол бірнеше мәрте департамент бастығының алғыс хаттарымен және грамоталарымен марапатталған. Алайда Н. Тұрдақынның өзі үшін ең үлкен марапат – әріптестерінің сенімі мен отбасындағы тыныштық. Бүгінде ол жары және сүйікті қызымен бірге өнегелі отбасылық өмірдің иесі.

Тұрдақын Нұрсұлтанның өмір жолы – шекарашы қызметінің шынайы бейнесі. Бала кезінде шекарашы болам деген арманы ең басты мақсатқа айналып, бүгінде орындалған жайы бар. Оның тағдыры арқылы біз шекара күзетінің мемлекет қауіпсіздігіндегі ерекше орнын айқын сеземіз. Өйткені шекара күзеті – тек әскери борыш емес, елдің тәуелсіздігін қорғаудың тірегі. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда әрбір шекарашының еңбегі – мемлекеттің тұтастығы мен тыныштығын қамтамасыз етудің басты кепілі.

Тарих беттерін парақтасақ, шекарашылар әр дәуірде ел тағдырын шешкен тұлғалардың қатарында болды. Бүгінгі бейбіт аспан – солардың адал еңбегі мен жанқиярлық қызметінің нәтижесі.

Капитан Нұрсұлтан Серікұлы – адалдық пен еңбекқорлықтың айқын нышаны. Қарапайым ауылдан шыққан жас жігіт табандылығы мен адал қызметінің арқасында ел шебін күзетіп жүрген абыройлы офицерге айналды. Оның қызметі – көзге көрінбейтін, бірақ мемлекеттің қауіпсіздігі үшін шешуші мәнге ие қасиетті өмір жолы. Бүгінгі жас ұрпақ үшін ол – елге қызмет етудің, адалдық пен жауапкершіліктің, қарапайымдылық пен ерліктің жарқын үлгісі.

Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ,
«ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.

МЕЙІРІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОЛЫНДА

Шынар Бектөреқызы 1995 жылдың 23 тамызында қазіргі Түркістан облысында, көп балалы отбасында дүниеге келген. Алты бауырдың бірі болған ол ата-анасының еңбекқорлық, ұйымшылдық және жауапкершілік сынды қасиеттерін бойына сіңіріп өскенін айтады.

«Көп балалы отбасында өсу – үлкен өмір сабағы. Сабырлы болуды, бір-бірімізге қолдау көрсетуді сол кезден үйрендік», – дейді ол жымиып.

2012 жылы Қызыл Әскер орта мектебін аяқтаған соң, Шынар «Даналық» медициналық колледжіне түсіп, 2015 жылы ойдағыдай тәмамдайды. Сол жылы медицина саласындағы алғашқы еңбек жолын бастаған ол Астана қаласындағы Республикалық оңалту орталығында және қалалық балалар ауруханасында қызмет атқарады.

– Неліктен дәл медицина

саласын таңдадыңыз? – деп сұрадық біз фельдшерден.

– «Адамдарға көмектескім келді. Науқастың сауығып, жүзіне күлкі үйірілген сәтті көру – мен үшін ең үлкен қуаныш», – дейді Шынар шынайы ықыласпен.

2020 жылы отбасымен бірге Ақмола облысының Державин қаласына қоныс аударған. Сол уақыттан бастап Шынар Бектөреқызы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінде еңбек етіп келеді. Қазіргі таңда ол Державин оқу орталығының фельдшері, яғни болашақ шекарашылардың денсаулығын сақтауға жауапты әскери маман.

– Әскери қызмет сіз үшін нені білдіреді? – деп сұрадық біз.

– «Бұл – үлкен абырой мен жауапкершілік. Әскери ортада әр күн тәртіп пен талапқа толы. Бірақ мен өз ісімді сүйемін, се-

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қостанай облысы бойынша департаментіне қарасты Державин қаласындағы оқу орталығында өз ісіне адал, мейірімді және табанды фельдшер қызмет атқарып жүр. Бұл – қатардағы Шынар Бектөреқызы Жусупбекова, әскери қызмет пен аналық борышты қатар алып жүрген үлгілі жан.



бебі бұл – елге қызмет етудің бір жолы», – дейді ол сенімді үнмен.

Қызмет барысында сабыр мен шеберлікті қатар ұстана-тын Шынар үйде үш қыздың анасы, сүйікті жар. Отбасы мен қызметті үйлестіру – оның өмірлік тәжірибесінің айнасы.

«Балаларым – менің қуатым. Отбасым – тірегім. Бар еңбегім мен сүйіспеншілігім соларға және еліме арналады», – дейді ол.

Әріптестері Шынарды жауапкершілігі мол, мейірімді, өз ісіне шынайы берілген маман ретінде сипаттайды.

Қатардағы Шынар Бектөреқызы Жусупбекова – мейірім мен адалдықты ту еткен әскери фельдшер, елге қызмет етудің айқын үлгісі.

Аға лейтенант
Н. САКЕН, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ОТАНҒА АДАЛДЫҚ – ШЕКАРАШЫНЫҢ БАСТЫ ПАРЫЗЫ

Әскерге адалдық – бұл ел мен жерге, халық пен тәуелсіздікке деген шынайы сүйіспеншілік пен жауапкершілік. Әскери қызметші үшін антына берік болу – ең үлкен абырой. Солардың ішінде шекара қызметінің орны айрықша.

Себебі, олар – мемлекеттің шебі мен тыныштығын күзететін, елдің амандығын қорғайтын нағыз ер азаматтар. Осындай антына берік, ел қорғау ісін өз борышы санаған жандардың бірі – аға сержант Науанов Дархан Оңғарұлы.

Дархан Оңғарұлы Ақтөбе облысы, Айтеке би ауданында дүниеге келген. Тараз политехникалық колледжінде білім алып, өмір жолының алғашқы белесін әскери қызметтен бастайды. 2003–2005 жылдары Павлодар қаласында Ұлттық ұлан қатарында борышын өтеп, тәртіп пен табандылықтың не екенін бойына сіңіреді. Болашақ шекарашының бала күнгі арманы әскери форма киіп, ел шебін күзету еді.

Сол арманы 2014 жылдың 20 ақпанында орындалып, Дархан Оңғарұлы ҚР ҰҚК Шекара қызметіне қабылданады. Ол қасиетті Сыр өңіріндегі «Қосшын» шекара бөлімшесінде алғашқы еңбек жолын бастап, әскери өмірдің қыр-сырын меңгереді. Осы бөлімшеде өзін ұштап, кәсіби тәжірибесін арттырып, нағыз шекарашы ретінде қалыптасады.

Қазіргі таңда аға сержант Науанов Дархан Оңғарұлы «Далақұдық» шекара бөлімшесінде старшина қызметін абыроймен атқарып келеді. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, әр тапсырманы мінсіз орындауды басты мақсат санайды. Еңбектегі басты ұстанымы – «еріншек-тікті жою, антыңа адал болу». Өзіне сеніп тапсырылған жас сарбаздарға үлгі болып, олардың бойына тәртіп пен рух



беруде. Қызметтен тыс уақытта да Дархан Оңғарұлы – үлгілі отбасының тірегі. Жұбайымен бірге төрт баланы – екі ұл мен екі қызды тәрбиелеп отыр. Әке ретінде де, әскери қызметші ретінде де ол ұл-қыздарына адалдық пен еңбектің қадірін ұқтырып келеді. Дархан Оңғарұлы секілді шекарашы сарбаздар – осы сөздің айғағы. Олар ел тыныштығын сақтап, бейбіт өмірдің кепілі болып отыр. Осындай азаматтар барда, Қазақстан шекарасы берік, ел еңсесі биік болары сөзсіз.



Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ҚЫРАҒЫ ШЕКАРАШЫ – ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің басты міндеті – еліміздің шекара тұтастығын сақтау және заңсыз көші-қон мен контрабанданың, соның ішінде есірткі тасымалының алдын алу. Бұл бағыттағы қызметтің жауапкершілігі мен маңызын түсініп, өз борышын адал атқарып жүрген жас шекарашылардың бірі – ефрейтор Болат Бахтияр Мақсатұлы.

Болат Бахтияр 2002 жылы Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Жанатұрмыс ауылында дүниеге келген. 2023 жылы ол ҚР ҰҚК ШҚ Зайсан шекара басқармасына қарасты «Ақжар» шекара бөлімінің «Орталасты» шекара бөлімшесінде мерзімді әскери борышын өтеді. Өз ісіне ұқыптылығы мен тәртіпке берілгендігі арқасында бөлім басшылығының сеніміне ие болып, келісімшарт бойынша әскери қызметке қалды.


2024 жылдан бастап ШҚО бойынша департаментінің «Шемонаиха» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесінің 2-ші шекаралық бақылау тобының аға нұсқаушысы болып қызмет атқарып келеді. Болат өз мамандығын мақтанышпен атайды:

– Шекарада қызмет ету – мен үшін үлкен абырой. Бұл тек жұмыс емес, бұл – Отан алдындағы қасиетті борыш, – дейді ол.

Күнделікті қызмет барысында Болат өзіне бекітілген қызметтік итпен бірге шекаралық бақылау жұмыстарын жүргізеді. Сол күндердің бірінде ол күдік тудырған азаматты байқап қалады. Өзін таныстырып, тексеру барысында адамның қобалжып, дене бітімімен мінез-құлқында күмәнді әрекеттер байқалады. Ефрейтор Болат иттің көмегімен азаматтың сөмкесін тексеруді талап етеді.

Қызметтік ит дереу белгі беріп, тексеру нәтижесінде есірткі заты анықталады. Болат Бахтияр дереу жағдай туралы аға нарядқа баяндап, құқық қорғау органдары келгенше күдіктіні ұстау шараларын жалғастырған. Осылайша шекарашының қырағылығының арқасында елімізге қауіпті есірткі затының заңсыз тасымалының жолы кесілді.

Қызметіне адал, кәсібіне жауапкершілікпен қарайтын жас шекарашы басшылық тарапынан бірнеше рет алғысқа ие болған. Әріптестері оны сабырлы мінезі мен іскерлігі, өз ісіне шынайы берілгендігі



үшін құрмет тұтады.

Болат Бахтиярдың бұл әрекеті – тек бір оқиғаның нәтижесі емес, Шекара қызметі жүйесіндегі тәртіп пен жоғары дайындықтың көрінісі. Осындай қырағы жауынгерлердің арқасында еліміздің шекарасы мызғымай, тыныштығымыз сақталып келеді.

– Шекарашының ең басты қаруы – қырағылық пен адалдық. Әрбір күдікті жағдайды дер кезінде байқау – ел қауіпсіздігін қорғаудың кепілі, – дейді ефрейтор Болат.



Подполковник
Ғ. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекаралық бақылау бөлімшесінен.

БІЛІКТІЛІК – ШЕБЕРЛІК КЕПІЛІ

Мемлекеттік шекараның беріктігі мен ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шекарашы анықтаушылардың атқаратын рөлі ерекше. Себебі олардың қолында – заңның күші, әділдік, ал шешімдерінің артында көбіне адам тағдыры тұр. Сондықтан да анықтаушы кәсібі үнемі ізденісті, терең білім мен жоғары жауапкершілікті талап етеді.



Осы мақсатта 6–11 қазан аралығында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің арасындағы ынтымақтастық туралы келісім аясында Б. Бейсенов атындағы ІІМ Қарағанды академиясында ҚР ҰҚК Шекара қызметінің анықтаушыларына арналған біліктілікті арттыру курсы өткізілді.

Біліктілікті арттыру сабағының басты мақсаты – анықтаушылардың кәсіби дағдыларын жетілдіру, құқықтық мәдениетін арттыру және шекара бойында анықталған құқық бұзушыларға қатысты қылмыстық-процессуалдық құжаттарды рәсімдеу ісінде тәжірибелік шеберліктерін шыңдау болды.

Курс барысында тыңдаушылар қылмыстық процестегі іс жүргізу ережелерін терең меңгеріп, заманауи криминалистика құралдарымен жұмыс істеу тәжірибесін арттырды. Оқыту бағдарламасы нақты мысалдарға, тәжірибелік тапсырмалар мен модельдік жағдайларға негізделгендіктен, әрбір маман өз білімін тәжірибемен ұштастырып, кәсіби көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік алды.

Анықтаушы — ол тек заңды білетін ғана емес, әділдікке адал қызмет ететін тұлға. Ол өз құзыретінің шегінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады, дәлелдерді бағалап, істің ақ-қарасын анықтайды. Сондықтан мұндай мамандардың білімі мен тәжірибесінің заманауи талаптарға сай болуы – ел қауіпсіздігіне қосылған үлес.

Қарағанды академиясы – еліміздің құқық қорғау саласындағы беделді оқу ордаларының бірі. Мұнда оқытушылар құрамының кәсіби деңгейі жоғары, ал оқу бағдарламалары халықаралық стандарттарға сай жаңартылып отырады. Сондықтан да бұл академияда білімін жетілдіру – әрбір шекарашы анықтаушы үшін үлкен мүмкіндік әрі абырой.

Курсты ұйымдастырушылар мен академия ұжымының еңбегіне шынайы алғысымызды білдіреміз. Атап айтқанда, тәжірибелі ұстаздар мен басшылық құрам тыңдаушыларға өз білімін, тәжірибесін үйретіп, олардың кәсіби деңгейінің көтерілуіне зор үлес қосты.

Алған білім мен тәжірибе алдағы уақытта шекара қызметі анықтаушыларының кәсіби іс-әрекетінде өз жемісін берері сөзсіз. Шекараның тыныштығы мен елдің қауіпсіздігін күзетіп жүрген әрбір шекарашыға табыс тілейміз!

Шекарамыз берік, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

ҚР журналистер одағының мүшесі,
подполковник Ж. КЕМЕЛ, «OS-ЧР».

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ЖИЗНЬ, ОТДАННАЯ ДЕЛУ И ЛЮДЯМ

Есть люди, для которых труд – не просто обязанность, а образ жизни. Набиева Телектес Курбангалиевна – одна из тех, кто тихо и незаметно, но с большой душой делает каждый день других лучше и теплее.



руководила продовольственным и вещевым снабжением по ГТО. Ответственная, пунктуальная, с душой относящаяся к каждому делу – так характеризуют ее сослуживцы.

В 2013 году Телектес Набиева была уволена в запас по предельному возрасту, но не перестала трудиться. С 2013 по 2017 годы она снова возглавляла столовую, а с 2024 года работает дворником в Управлении снабжения «Ақтау» – добросовестно, аккуратно, с тем же внутренним достоинством, что и во время военной службы.

За ее плечами годы честного труда и служения. А дома ее ждут близкие: три дочери и два сына. Все уже взрослые, у дочерей свои семьи, у старшего сына – жена и двое детей, младший учится в Алматы.

В ее словах – гордость и любовь: «Я живу ради семьи. У меня есть дети, внуки, и это самое большое счастье».

Такие люди, как Телектес Курбангалиевна – основа коллектива. Их труд не на виду, но именно на нем держится ежедневная жизнь подразделения. И в этом – настоящий пример верности делу, Родине и простым человеческим ценностям.

Лейтенант
Д. ЖАМУХАМБЕТОВ,
«OS-ЧР». Фото
из личного архива
Т. НАБИЕВОЙ.

Родилась она в поселке Джанга города Красноводска, что в Республике Туркменистан, в простой семье. После окончания школы поступила в кооперативный техникум в Ашхабаде, где с 1985 по 1988 годы получила свою первую профессию. С тех пор жизнь ее неразрывно связана с трудом, с людьми, с ответственностью.

С 1988 по 2004 годы Телектес Курбангалиевна работала по специальности, а затем судьба привела ее в Казахстан – в гостеприимный город Ақтау. Именно здесь, с 2004 года, началась ее долгая и верная служба. Сначала – поваром, человеком, который ежедневно дарит тепло и заботу через вкусную, домашнюю еду.

Позже ее путь продолжился в рядах Пограничной службы. С 2006 по 2013 годы она несла службу в кадровом подразделении, начальником столовой, а затем

МАМАНДАРҒА ТӘЛІМГЕР БОЛА БІЛГЕН

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің төртінші инженерлік-саперлік тобының аға ұстасы Бидахметов Мейрамбек Бектурович – өз өмірін ел қауіпсіздігі мен шекара тұтастығын қамтамасыз етуге арнаған еңбекқор, абыройлы азамат.

Мейрамбек Бектурович 1963 жылдың 1 қаңтарында Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Шілікті ауылында дүниеге келген. 1971–1980 жылдар аралығында туған ауылындағы Шілікті орта мектебінде білім алып, мектеп қабырғасынан өмірге деген еңбекқорлық пен отансүйгіштік қасиеттерді бойына сіңіріп шықты.

1981–1983 жылдары Отан алдындағы борышын Ресей Федерациясының Новосібір қаласында өткерді. Әскери борышын абыроймен атқарып келгеннен кейін 1984 жылы өмірлік серігі Сасикова Күлбаршын Орынтаевнамен отбасын құрды. Отбасында төрт перзент тәрбиелеп өсіріп, бүгінде оларды қоғамның әр саласында еңбекқор, үлгілі азамат етіп жеткізді.

1995–2020 жылдар аралығында Мейрамбек Бектурович түрлі азаматтық лауазымдарда, оның ішінде тылдық қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарда қызмет атқарып, мол тәжірибе жинады. Ал 2020 жылдан бастап ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаментінің инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің төртінші инженерлік-саперлік тобына аға ұста ретінде қабылданып, осы уақытқа дейін адал еңбек етіп келеді.

Бидахметовтар әулетінің отансүйгіштік дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Үлкен ұлы запастағы сержант Бидахметов Сайран да әке жолын қуып, 2006 жылы Зайсан ауданы бойынша Шекара басқармасына қарасты «Шілікті» шекара бөлімшесінде келісімшарт бойынша әскери қызметін өтеді. Ол өз қызметін мінсіз атқарып, кейін әскер қатарынан запасқа шығарылды.

Кіші ұлы – майор Мейрамбеков Нұрболат ҚР ҰҚК Шекара Академиясының 2012–2016

жылғы түлегі, қазіргі таңда Күршім ауданы бойынша шекара басқармасының «Өрел» шекара бөлімі бастығының орынбасары лауазымында қызмет атқарады. Бұл — әке еңбегінің жалғасы, шекара шебінде ел тыныштығын күзету дәстүрінің айғағы.

Мейрамбек Бектурович – өз ісінің нағыз шебері, еңбекке адал, жауапкершілігі жоғары маман. Көп жылғы тәжірибесі мен техникалық білімінің арқасында шекарадағы инженерлік-саперлік жұмыстардың сапалы орындалуына зор үлес қосып келеді. Ұжым арасында беделді, жас мамандарға тәлімгер бола білген ол әріптестері арасында сый-құрметке ие.

Отан алдындағы адал қызметі мен шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан зор үлесі үшін Мейрамбек Бектурович бірнеше мәрте басшылық тарапынан



алғыс хаттармен және грамоталармен марапатталған.

Өз өмір жолын еңбекпен өрнектеген Бидахметов Мейрамбек Бектуровичтің өнегелі өмірі – жас шекарашыларға үлгі. Ол үшін елге қызмет ету – ең үлкен абырой, ал шекара күзету – қасиетті парыз.

Подполковник Ф. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР». Сурет
департаменттен.

БООЕВОЙ ДУХ И БРАТСТВО ПО ОРУЖИЮ

В стенах Академии Национальной гвардии г. Петропавловск прошел первый региональный форум, посвященный теме: «Боевой дух и братство по оружию: психологические механизмы сплочения личного состава», в котором приняли участие пограничники Департамента ПС КНБ по СКО.



Это был не просто форум – это был разговор о священном – о Родине, которую мы любим, о матери, которая ждет, о долге, который исполняется молча, на посту, в степи, на заставе. Это был день, когда армия и общество говорили на одном языке – языке заботы, сопричастности и веры в военнотружущаго.

Форум был организован Республиканским общественным объединением «Комитет солдатских матерей «Сердца матерей» при поддержке акимата г. Петропавловск и Академии Национальной гвардии. Глава областного отделения Фариды Баубекова с особым волнением говорила о том, что каждый солдат – это не просто военнотружущий, это чья-то судьба, чья-то гордость. Комитет уже много лет выполняет важнейшую функцию – становится живым мостом

между армией и обществом, между семьей и государством.

Центральной темой форума стала роль семьи в формировании морального облика воина, а также укрепление связи между вооруженными силами и обществом. С особым вниманием участники встречи восприняли выступление представителей Департамента ПС КНБ по СКО.

– Боевой дух – это не абстракция. Это то, с чем солдат поднимается

в дозор, что поддерживает его на линии границы. Мы, пограничники, глубоко осознаем ценность каждого человеческого сердца за нашей формой, и потому с особым уважением относимся к миссии Комитета солдатских матерей. Это не просто партнеры – это наши союзники в воспитании защитника, – выступил консультант отдела воспитательной и идеологической работы майор Азамат Сарсенев.

Трогательным моментом фору-

ма стало выступление заместителя начальника пограничного отделения «Аткөл» старшего лейтенанта Жандарбека Танджарбаева.

Молодой офицер не просто делился служебным опытом – он прочел стихотворение собственного сочинения, посвященное матери. Эти строки, простые и чистые, заставили зал замереть. Потому что в них все: и степь, и дорога, и любовь, и граница.

Форум стал не просто дискус-

сией, а мостом между казармой и домом, между командиром и родителем, между обществом и армией. Участники форума затронули и острые темы психологической поддержки семей военнотружущих, моральное сопровождение солдат в условиях службы, взаимодействие гражданских и силовых структур. Но главное – звучал дух единства.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «ОС-ЧР». Фото автора.

САЙЫС

ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР ОТАН ҚОРҒАУҒА ДАЙЫН

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Желтоқсан» шекара бөлімшесінің ұйымдастыруымен Республика күніне орай «Жас шекарашылар» әскери-патриоттық клубтары арасында тартысты жарыс өтті.

Бұл игі шараның басты мақсаты жас ұрпақтың бойында патриоттық рухты қалыптастырып, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру болып табылады.

Мерекелік іс-шараға Ауған соғысының ардагерлері, жергілікті әкімшілік пен білім бөлімі өкілдері, қорғаныс істері жөніндегі бөлім, мәдениет үйі қызметкерлері, сондай-ақ «Керегежар» шекара бөлімі, Мыңкөл және Уәлиханов шекаралық бақылау бөлімшелері, «Баянауыл» және «Тұрсын» шекара бөлімшелері жеке құрамы қатысты.

Жарыс бағдарламасы нақты әскери дайындыққа негізделген тапсырмалармен өрнектелді. Қатысушылар жаралы адамды тасымалдау, кедергілер жолағынан өту, нысана көздеу, сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарын (газтұмалдырық, қорғаныш костюм) дұрыс әрі жылдам кию кезеңдерінен өтті.

Әр нүктеде түрлі кедергілер мен практикалық тапсырмалар қойылып, жас шекарашылар өздерінің ептілігі мен шыдамдылығын, ұйымшылдығы мен табандылығын көрсетті.

Нәтижесінде: «Жаңа жұлдыз» мектебінің



командасы жеңімпаз атанып, I орынды иеленді. Ал II орынға Міржақып Дулатов атындағы мектеп, III орынға Алакөл орта мектебі лайық деп танылды. Сондай-ақ пневматикалық мылтықпен ату жарысында: Михайлов орта мектебі I орын, «Веселая роща» мектебі II орын, ал Міржақып Дулатов атындағы мектеп III орын иеленіп, жас мергендер өз ептіліктерін көрсете білді.

Жарыс жеңімпаздарына арнайы дипломдар мен сыйлықтар табысталды. Шара соңында ардагерлер мен әскери қызметшілер жастарға ізгі тілектерін білдіріп, Отан алдындағы борышты адал атқарудың маңызын

атап өтті. Осылайша бұл жарыс жас ұрпақтың бойында шекарашы мамандығына деген қызығушылығын арттырып, елге қызмет етудің мәртебелі іс екенін ұқтырған тағылымды тәрбие мектебі болды.



Майор Г. САДЫКОВА, «ОС-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.

Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57

Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56

E-mail: smi_rodrina@mail.ru

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:

gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев

Редактор: Азамат Муханов

Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин

Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдоос Кирғизбаев, Диас Жамұхамбетов

Меншікті тілшілер:

Алматы - Тамара Дәулетбаева

Ақтау - Асхат Жаналипов

Ақтөбе - Жасұлан Шармаков

Талдықорған - Манарбек Қарекенов

Жамбыл - Асыллан Жексенбин

Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай

Өскемен - Ғалымжан Бакетов

Семей - Ердос Қайрат

Петропавл - Динара Мукажанова

Павлодар - Гүлзада Садыкова

Қостанай - Нұрсұлтан Сақен

Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбат Айтәлі,

Диас Қуанышев, Айзат Нұкешов

Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов, Турманова Индира

Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова

Немірдің кезекші редакторлары:

А.Кирғизбаев, Д.Жамұхамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-Г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген. «ОС-ЧР» газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2417 дана. «Имприм» ЖШС баспаханасында басылды. Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1.

ПОЭЗИЯ

АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН ҮШАРАЛЫМ

Атыңнан айналайын Үшаралым!
 Өзіңді аңсап рухани күш аламын.
 Халық қамын ойлаған командирлер:
 Беркалиев, Шаповалов, Сладкевич-үш адалым!

Жоңғардың қақпасында желің қандай,
 Сайқаның мен қарсы соғар Ебің қандай.
 Жалаңашкөл батпағы мен Алакөлім
 Денсаулыққа пайдалы емің қандай!

Көрік беріп жарасар Ынтылы мен Тентегің!
 Әдемілігің әсерлі, көңілдің күйін шертемін.
 Сол қапталда Шыңдалы, оң қапталда Арасан!
 Сұлу өлке пах шіркін, көз тоймайды қарасаң!

Жалаңашкөл ерлігін ел біледі,
 Лепсіме жүрегім елжіреді .
 Ал енді ойлап кетсем Арқанымды
 Екі көзден тоқтамай сел жүреді.

Қайсыбірін айтамын, қызмет қылдым ниетпен,
 Қарадым адал уставқа, пәк сезім, таза жүрекпен.
 Құтты болсын алпыс жыл, мерейтойың жасағым!
 Бұйыртып жатса келерміз! Келерміз жақсы тілекпен!

Запастағы полковник Амирхан АБДРАМАНОВ

УШАРАЛЬСКИЙ ПОГРАНИЧНЫЙ ОТРЯД

Ушаральский пограничный
 На семи ветрах отряд
 С биографией привычной,
 Так сказать на первый взгляд.
 Много лет назад под Знамя
 Смирно выстроились в ряд.
 За Отчизну шли мы в пламя
 В снег и в зной шагал наряд.
 «Этих дней не смолнет слава» –
 Пели песни в строевой.
 В августе из Ушарала
 Парни направлялись в бой.
 Сопка Каменная, помнишь,
 Этот бой? Ты – наша боль,
 Знает враг что нас не сломишь,
 Есть пример – Жаланашколь.
 Процветай, отряд и крепни,
 Охраняй рубеж страны.
 Славу старших поколений
 Приумножь и сохрани!

Полковник запаса Василий ШУПЕЙКИН

С ДНЕМ ВОИНСКОЙ ЧАСТИ!

С Днем воинской части
 Свои поздравления
 Солдатам шлю и офицерам,
 Для подрастающего поколения
 Желаю быть вам примером.
 Желаю, чтоб каждый
 В воинской части
 Смел и отважен был,
 Чтобы родную страну защищал,
 Ей верой и правдой служил.
 Мирных армейских
 Вам будней желаю,
 Чистых небес синевы,
 Желаю вам быть
 Крепким, надежным
 Щитом и мечом нашей страны.
 Еще раз поздравляю, личный состав.
 Желаю вам всем много звездочек новых,
 Служить только честно и чтить свой устав.
 Пускай вас награды за храбрость находят,
 Пусть пуля не тронет, Господь бережет.
 Желаю вам счастья, добра и здоровья,
 Достатка и силы, поменьше забот.

Подполковник Константин ДЕНИСЕНКО.



Анаға хат

Анаш анашым! Мен бүгін Отан аясында
 борышында өтеу үшін шекара жазметінде
 әскери жазметінде бастап кеттім. Анашым
 күндерден-ақ жазметінде сенің шежірің, ақ батаң.
 әрбір айтқан ақшам жазметінде тұр. Демде
 жүріп, сенің тәрбиенің мен берген тәлімін қаншалық
 бағымат екенін түсініп келемін.
 Әскердегі өмірді мен санап емес, үйің мектеп деп
 қабылдап жүрмін. Себебі әрбір қадамда сенің
 үмітіді ақтау, әкеңнің сенің орынды, тұрған
 еліңнің тәуелсіздігіңді қорғау мен үшін ең үлкен мәртебе.
 Шекарадағы әрбір айтқан таң мені ер жетуге, сабартқа,
 тәуелсіз баулап жеттір.
 Анашым, сен уайымдаша. Біз еліміздің қорғаны,
 бейбіт аспанымызды күзетіміз. Демде
 саған арнап мақтанышпен айтармын. Мен сенің
 ұлың болғандық үшін бақттымын.
 Саған деген сәтсіздігіңді шексіз. Жүрегім орғанан
 сенің айналыңда.
 Махаббатпен, сенің ұлың, шекарашы, батардағы
 жауынгер Тенбек Данаи Жақытович

ФОТОЭТЮД



Жасанды интеллект арқылы жасаған
 қатардағы Д.Қуанышев